

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы «Дінтану» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Мамбетбаев Қайраттың **«Ханафи мәзһабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері»** тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ислам – ғылым діні. Исламды дұрыс әрі толыққанды түсіну үшін шарифат ілімдерін меңгеру қажет. Шарифат ілімдері бірнеше саладан тұрады. Мәселен, ақида, хадис, фикһ, тәпсір секілді. Ол салалардың әрбірі өте маңызды. Шарифат ілімі бұрмаланса немесе бір жақты үкім берілсе, мұсылман қоғамы пікірқайшылығына түсіп, кейде ағымдардың пайда болуына итермелеген. Пайғамбарымыздан (с.а.у.) кейін уақыт өте шарифат ілімдері мен діни мәселелерді жүйелі түсіндіретін фикһи мектептер қалыптасты. Әр мектептің өзіндік дәлел дәйектері мен әдіснамасы болды. Қоғамда туындаған мәселелерге Құран мен сүннеттен үкім шығару барысында фикһ ғалымдары кейде келтірілген дәлелге өзара келісе алмаған. Фикһи мектептер хадистерден үкім шығару мен жіктеу мәселесінде өзіндік қалыптастырған методологияларына жүгінді.

Танымал фикһ ғалымы Әбу Ханифа және ол негізін қалаған ханафи мәзһабының да үкім шығаруда, хадистерді қабылдауда өзіндік өлшемдері болды. Алайда өзге мектеп өкілдері мен хадис білгірлері Әбу Ханифаның берген үкімдеріне кейде қарсы шығып, өзіндік уәждерін айтқан. Әсіресе хадистерді қабылдау өлшемімен келіспеген.

Куфа мектебі деп аталған мектептің негізін атақты сахабалар қалаған. Сондықтан ханафи мектебінің хадистерді қабылдаудағы методологиясы шарифатқа қайшы әдіс еместігін ғалымдар орны келгенде дәлелдеп отырды. Дегенмен әр мәзһаб өкілдері өздерінің ұстанымдарын ең дұрыс деп, өзгелердің дәлелін сынау арқылы пікірқайшылық туғызғаны мәлім. Орта Азия мұсылмандары ханафи мәзһабын ұстанғандықтан ғасырлар бойы діни мәселеде таласқа жол бермеді.

Әр ғасырда болғандай ғасырымызда да, ханафи мәзһабының ұстанған хадистері әлсіз немесе сахих хадис бола тұра әлсіз хадиспен амал етуде деген ғылыми дәйегі әлсіз уәждер айтылуда әрі талқылануда. Диссертацияның қарастырған зерттеу жұмысы осы бағытта айтылған сындарға ханафи мәзһабының хадистерді қабылдау өлшемдерін ғылыми негізде зерттеумен ерекшеленеді.

Құқықтық-теологиялық тұрғыда ханафилік бағытқа басымдық танытқан елімізде, қоғамдағы дін мәселелерін шешуде ханафи мәзһабының ұстанымдарын ғылыми негізде көрсете білу аса маңызды. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның преамбуласында мемлекет халықтың рухани өмірі мен мәдениетінің дамуында исламның ханафилік бағытының тарихи рөлін мойындайтынын ескерсек, диссертация жұмысы ханафи мектебінің құқықтық негіздерінің теориялық-әдіснамалық аспектілерін зерттеумен өзекті.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі.

Докторанттың ғылыми ізденісі барысында қарастырған ханафи мәзһабының хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері жан-жақты зерделенген. Хадистерді қабылдауға қатысты ханафи мәзһабының әдіснамасын жүйелі түрде зерттеген еңбектер аз. Ал отандық және посткеңестік ғалымдар тарапынан жүйелі әрі терең зерттелмеген деуге болады. Әсіресе ахад хадистердің ханафи мәзһабындағы орнына қатысты арнайы зерттеуді қажет етеді. Сол себептен, ізденуші ханафи мәзһабының хадистерді қабылдауы мен ахад хадистердің үкім беруде қиястан және кейбір усулул фикһ әдістерінен жоғары тұратынын дәйектермен келтірген. Хадистерді қабылдауға қатысты Әбу Ханифаның шарттарын жүйелі түрде келтіре отырып, замандастары және кейінгі буын ғалымдар тарапынан Куфа мектебіне «ойшылдар» (рәй) деп айыптауларын теріске шығара отырып, ғылыми тұрғыдан дәлелдейді. Құран мен сүннет мәтіндерін дұрыс түсініп, құқықтық үкімдер шығарудағы Әбу Ханифа мен ол қалаған ханафи мектебінің шарттар мен жағдайларға қарап, ахад хадистерді дәлел ретінде қабылдау ешқандай қателік еместігін жеткізеді.

Диссертацияда ханафи мәзһабының хадистерді қабылдау өлшемдері мен ханафи мектебінің діни мәтінді түсініп, одан шариғи нормаларды айқындау тәсілдеріндегі хадистердің маңыздылығын баяндай түсетін ғылыми қорытындылар мен теориялық тұжырымдар жасала отырып, келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:

Біріншіден, ханафи мәзһабының қалыптасу алғышарттары ислам ғылым тарихындағы Куфа мектебімен тығыз байланысты екені тарихи деректермен сарапталып, бұл әдіс пен мектептің атақты сахабалардан бастау алып жатқанын дәлелдеген.

Екіншіден, ханафи мәзһабы іргесін қалаған Куфа қаласының саяси орталыққа айналуы, аталмыш қалада мың жарымнан астам сахабаның, екінші буын табиғиндердің қоныстануы, олардың қасиетті Мекке, Мәдина қаласымен тығыз қарым қатынас орнатуы, бұл аймақтағы хадис білімінің жоғары деңгейде дамуын тарихи фактілермен келтірген. Әбу Ханифа және ол негізін қалаған «Куфа мектебі» шариғи үкім беруде хадистерге емес рәйге (ойшылдыққа) көбірек жүгінді деген тұжырымның негізсіз екенін айқындаған.

Үшіншіден, рәй мектебі тек қиясқа сүйеніп, тұжырым жасайтын фикһтың атауы ғана емес, хадисшілердікінен өзгеше хадис методологиясының да атауы екенін жан-жақты дәлелдермен анықтаған.

Төртіншіден, Әбу Ханифаның өмір сүрген уақыты Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмір сүрген ғасырына жақын болуын ескерсек, практикалық амалды басшылыққа алулары, шарифаттың іргелі қағидаттарына қайшы келетін хадистерге сақтықпен қарауы, ахад хадиспен орны келгенде үкім етуі салмақты ғылыми әдіснама екенін дәлелдеген.

Бесіншіден, хадис тізбегі мен мәтіні арасындағы тұтастықты бірге қарастырып, діни проблемаларды шешу мен үкім беруде Әбу Ханифаның кейбір сахих хадистерді негізге алмауының себебі оны білмегендігінен емес, хадистерді қабылдау шарттарынан туындағанын ғылыми тұрғыдан айқындаған.

Алтыншыдан, ханафи усулул-фикһ еңбектерінде келтірілген «ахад» хадистерді іріктеуде қолданылған жасырын үзік методологиясының фикһ мәселелерінің үкіміне ықпалы зерттеліп, классикалық ханафи фикһ кітаптарында негізге алынбаған «ахад» хадистер мүмкіндігінше анықталып, олардың дәлел ретінде қолданылмау себептері түсіндірілген.

Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыс барысында қол жеткізілген деректер және соның негізінде жасалған тұжырымдар мемлекеттің діни идеологиясына қатысты мәселелердің теориялық әрі практикалық негіздерін кеңейтуге, жаһандану жағдайындағы қазақ елінің рухани құндылықтарын ескеретін, діни тұрақтылықты жүзеге асыруға айтарлықтай үлесін қоса алады. Диссертацияның тұжырымдары мен қорытындылары қазіргі қоғамдағы діни алауыздықтардың алдын алуға, діни мәселеде бір жақтылық танытқан ағымдарға ғылыми тұрғыдан тосқауыл бола алады.

Осыған орай ізденушінің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы зор деп айтуға толық негіз бар.

Ғылыми жұмыс материалдарын жоғарғы оқу орындарында, исламтану, дінтану, мұсылман құқық саласы бойынша бакалаврлар мен магистранттар үшін арнайы курстарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Мамбетбаев Қайрат Әбу Ханифаның еңбектерімен қатар, көптеген классикалық еңбектерді, оның ішінде ханафи мектебінің ислам құқығы негіздерін зерттеген ғалымдардың іргелі еңбектеріне талдау жасаған. Сонымен қатар түрік ғалымдарының да еңбектеріне жүгіне отырып, зерттеудің проблемалық мәселелері бойынша түрлі тәсілдемелер мен талдаулар жасаған. Диссертацияда көтеріліп отырған мәселелерге қатысты

араб тіліндегі әдебиеттерге ғылыми-аналитикалық шолу жасап, жан-жақты теориялық талдау жасалған және жүргізілген зерттеулерге жоғары деңгейде ғылыми-теориялық негіздеме берген.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен тұжырымдалуы ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертант әрбір ғылыми нәтижені, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуде мәселеге қатысты ғылыми ізденістер жасап, ханафи мәзһабының классикалық еңбектеріне сүйенген. Сонымен қатар, ізденуші негізінен қазіргі әдіснамалық тәсілдерді басшылыққа алып, диссертациялық еңбектің әрбір ғылыми нәтижесі негізделуі мен дәйектелуін жоғары дәрежеде көрсете білген.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Ізденушінің диссертациялық жұмысы ханафи мәзһабының үкім шығаруда хадистерді қабылдау өлшемдері зерттеу мен зерделеу болып табылады. Диссертация кіріспеден, әрқайсысы бөлімшелерден тұратын үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы диссертацияның жоспары тақырыпқа сәйкес құрылып, тақырыптың мәні мен маңызын ашады. Жұмыстың ғылыми нәтижелері ханафи мәзһабының хадистерді қабылдау өлшемдері мен оның фикһи тармақты мәселелерге әсері негіздеріне жан-жақты талдау жасалғанын көрсетеді. Сондай-ақ ғылыми жұмыстың ішкі біртұтас бірлікте жүйеленгені байқалады. Ізденуші диссертация жұмысында алға қойған мақсат-міндеттерге, көтерген тақырыбына сәйкес біршама ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Ғылыми жұмыстың құрылымының жүйелілігі, ішкі бірлігінің сабақтастығы, ғылыми зерттеу мазмұнының үйлесімділігі, тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің қисындылығы айқын көрінеді. Диссертацияның тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары ғылыми тұрғыда дәйектелген. Өзара үйлесімділік тапқан теориялық сарапталуы мен қолданылған әдіс-тәсілдері ғылыми зерттеу талабына сәйкес келеді. Бөлімдер мен бөлімшелердің арасында үйлесімділік байқалады, жүйелілік бар.

Осыған орай, ғылыми жұмысты белгілі бір жүйемен жазылған, біртұтас кешенді ғылыми еңбек деп тануға негіз бар.

Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыстың жетістіктерімен қатар, кейбір кемшіліктері де бар. Жұмыс барысында келесі кемшіліктер орын алған:

1. «Рәй мектебі» (ойшылдық) жайында жалпылама мәлімет берілген. Осы мәселеге қатысты кеңірек мағлұмат беріп, рәй мектебі мен хадисшілердің басты айырмашылықтарын атап өткенде тақырыптың мазмұнын аша түсер еді.

2. Ғылыми жұмыста кейбір діни терминдердің қолданысы мен баламасын беруде бірізділіктің жоқтығы байқалды.

3. Мұрсәл хадистердің фикһи тармақ мәселелерге қалай әсер еткені жайлы мысалдар берілмеген.

Дегенмен жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың зерттелу дәрежесіне, мазмұндылығына, тұтастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына ешқандай нұқсан келтірмейді.

Диссертациялық жұмыстың ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Мамбетбаев Қайраттың **«Ханафи мәзһабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері»** тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толығымен лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**ҚМДБ-ның Маңғыстау облысы
бойынша өкіл имамы, философия
ғылымдарының кандидаты**



С.С.Сейтбеков

04.01.2017